



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Айдарбекова Жұлдыз Әділханқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркінұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сол жағалау, Мәңгілік ел 8, Министрліктер Үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

zhu.aidarbekova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

S.2 Өзектілік- кіріспе

Бұл статистикалық байқау білім беру саласына қатысты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру статистикасы жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың қызметін зерттейді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында болып жатқан сандық және сапалық өзгерістерді сипаттайтын көрсеткіштерді қамтиды. «Магистр» академиялық дәрежесін және «Философия докторы PhD», «Бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесін бере отырып, жоғары білікті ғылыми және педагогика кадрларын даярлауға бағытталған, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың саны туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мамандарды қабылдау мен бітірудің сандық сипаттамаларын, оқу процесінің ішкі тиімділігінің сипаттамаларын, оқытушылар құрамының сандық және сапалық сипаттамаларын ұсынады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

14.12.2020

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

11.12.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Статистикалық нысан алғашқы есепке алу құжаттамасы деректерінің негізінде қалыптастырылады және жоғары оқу орындарындағы және ғылыми ұйымдарда «магистр» академиялық дәрежесі, «резидентура тыңдаушылары» және «докторант» ғылыми дәрежесін (магистранттар, резидентура тыңдаушылары және докторанттар саны және контингент қозғалысы - өңірлер жынысы, жасы, мамандығы бойынша бөле отырып қабылдау, шығару, саны, келген елдер бойынша бөле отырып және мемлекеттік гранттар және басқа да көрсеткіштер бойынша шетелдік студенттер саны) берумен ғылыми және біліктілігі жоғары педагогикалық кадрларды дайындау туралы көрсеткіштерді қалыптастырады. Бұдан басқа "Білім туралы" ҚР 27 шілдедегі 2007 №319-III Заңына сәйкес қашықтықтан оқыту қосымша оқыту түрі енгізілді. Бұл толықтыру жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына енгізілді.

Магистратура және докторантура мамандығы бойынша деректер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы No 569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына» сәйкес толтырылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда No 17565 болып тіркелген.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;
2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуші (ӘАОЖ ҚР ҰЖ 11-2009);
3. Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуші (МНЖ);
4. Ұлттар жіктеуші (ҰЖ ВСТ 1.12-2004) ҚР СЖжРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында/Негізгі/"Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған

S.4.3 Секторлық қамту

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы деректерді қалыптастыру үшін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың саны (өңірлер мен меншік нысандары бөлінісінде), сондай-ақ магистранттар, резидентура тыңдаушылары мен докторанттардың (өңірлер, жынысы бойынша, жасы бойынша, келу елдері бойынша, ұлты, мамандықтары бойынша, меншік нысаны, оқыту нысаны және оқуға ақы төлеу нысанына сәйкес мемлекеттік грант және ақылы негіздегі бөлінісіндегі) саны пайдаланылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Байқау түрі – жаппай;
2. Респонденттер тобы – жоғары білім беру саласында мамандарды даярлауды жүзеге асыратын оқу орындары мен ғылыми ұйымдар ұсынады. Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнің 5 қазанына (қоса алғанда) дейін;

3. Деректерді жинау құралы – «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы есеп» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны, статистикалық нысанның коды 621112204, индексі 1-НК, кезеңділігі - жылына бір рет. Статистикалық нысан ҚР СЖЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Респонденттер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлауға лицензиясы бар жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

жоқ

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (14 облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2000-2020

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырылады

S.5 Өлшем бірлігі

Адам

S.6 Есепті кезең

жылына бір рет

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы;
2. Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілетін статистикалық жұмыстар жоспары;
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты ұсыну графигі;
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 23 желтоқсандағы No220 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қаңтарда No12908 болып тіркелген "Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі-2011" схемасы бойынша Статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі;

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі-Саясат) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, басшылыққа алатын қағидаттары мен практикалық тәсілдерді айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Ұлттық статистика бюросының есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және тең түпнұсқалылығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамыз № 6388 болып тіркелген Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2-тармағы. Статистикалық жұмыстар жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz /Негізгі бөлімінде"Маңызды"/"Негізгі құжаттар"орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Барлық пайдаланушылардың бір мезгілде және тең қолжетімділігі ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында /Негізгі бөлімінде"Маңызды"/"Негізгі құжаттар"

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында /Негізгі/Ресми статистика/Салалар бойынша/Білім беру статистикасы

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz / Негізгі/ Ресми статистика/ Салалар бойынша/ Білім беру статистикасы/ Бюллетеньдер/"Қазақстан Республикасындағы 2020/2021 оқу жылының басына жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы";

ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz / Негізгі/ Ресми статистика/ Жарияланымдар/ Статистикалық жинақтар/Қазақстан Республикасында білім беру.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz /Негізгі/"Талдау" АТЖ-ның/Білім беру статистикасы /Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі. Микродеректерге қолжетімділік және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

Ақпаратты ТМД Статистикалық комитеті, ЮНЕСКО СИ, БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы және басқа да халықаралық статистикалық ұйымдар пайдаланады.

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Барлық әдіснама ҚР СЖРА ҰСБ сайтында орналастырылған www.stat.gov.kz / Негізгі/ Әдіснама/ Әлеуметтік статистика/ «Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі-2011» сызбасы бойынша Білім берудің статистикалық көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы 2020 жылғы 16 қарашада бекіткен Сапа саласындағы саясат.

2. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктемені пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдеріндегі бақылаудың барлық схемалары (форматтық- логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі бар;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде)

S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа білім беру саласындағы халықаралық және ұлттық жіктеуіштерді қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Негізгі пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, ҚР Парламенті Мәжілісі, ҚР Парламенті Сенаты, мемлекеттік органдар, ТМД Статкомитеті, ЕЭК, жеке және заңды тұлғалар, салалық департаменттер. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық (білім берусаласы бойынша) жағдайын талдау үшін статистикалық ақпарат қажет.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Жылдық деректерді өңдеу кезінде, есептерді толық алмау жағдайында немесе ЭҚЖЖ 85.4 білім беру ұйымдарынан дұрыс емес есептерді алған кезде өткен жылғы деректермен салыстыру үшін талдау жүргізіледі (ұйым есеп берді ме, жылдық деректер өткен жылмен салыстырғанда қаншалықты өзгерді). Бұдан басқа қағаз жеткізгіште есеп беретін респонденттер үшін нұсқаулықта өткен жылғы және есепті жыл кезеңдері арасындағы баланстық бақылау жазылған. Есептілікті оп-line режимінде тапсыру кезінде осы бақылау автоматты түрде тексеріледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Бұл жағдайда деректерді енгізудің дұрыстығы мен толықтығын бақылау қолданылады

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Бюллетеньдегі алғашқы нәтижелер респонденттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсынғаннан кейін 67-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады. БюллетеньСтатистикалық жұмыстардың 2020 жылға арналған жоспарына сәйкес 14.12.2020ж. жарияланды

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және ҚРСЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, жарияланымның бұзылуы 2020/2021 оқу жылы болған жоқ. Егер жариялау демалыс күндері немесе мереке күндері болса, жарияланым шығарылымы келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Білім берудің серпінділік қатары 2000 жылдан бастап үзіліссіз және салыстырмалы

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Халықаралық стандартты білім беру жіктемесіне 2011 (Бұдан әрі-БСХСЖ-2011) сәйкес келеді. Осы жіктеуге сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшінші деңгейге жатады 7 және 8 білім деңгейіне сәйкес келеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Жоғары білім туралы деректерді қалыптастыру кезінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің деректерімен салыстырмалы талдау (бұдан әрі-ҚРБҒМ) жүргізілді. Бұл талдау білім беру ұйымдарының саны және оқушылар саны бойынша айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Бұл ҚРБҒМ респонденттердің толық тобын қамтымайтынына байланысты. Деректер базасын қалыптастыру кезінде ҚР БҒМ-ға кейбір университеттер есептілік тапсырмайды, мысалы, құқық қорғау органдарына ведомстволық бағынысты университеттер (азаматтық емес университеттер), халықаралық университеттердің филиалдары (Ломоносов атындағы ММУ және т. б.), Назарбаев Университеті және т. б.(мысалы, БҒМ-де-116 ЖОО тіркелген (бұл БҒМ-ге ведомстволық бағынысты ЖОО, ҰСБ-да-129 ЖОО). ҚР БҒМ-ға нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу ұсынылды. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс (ҚР ӘҚБтК). Бұдан басқа, ҚР БҒМ Ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДҚ АЖ) ақпараттық жүйесіне азаматтық емес жоғары оқу орындары бойынша деректерді енгізу үшін қосымша платформаны енгізу мүмкіндігін қарастыруда.

S.19 Жүктеме

Жоғары білім туралы мәліметтерді жинау респонденттің қалауы бойынша электронды түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимінде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателіктерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылау қарастылған. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендеді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылаулар қарастырылған. Есептілік нысанын қағаз жеткізгіште толтыру кезінде оны толтыруға жұмсалған уақыт 30-40 минутты құрайды. 2020/2021 жыл үшін оқу жылы бойынша есеп бергендер саны - 131 ЖОО.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық құралдар мынадай жағдайларда қайта қаралады:

- 1) НҚА-ға өзгерістер енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары;
- 3) Статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру.

Соңғы қайта қарау жоспардан тыс 2020 жылы мамыр-маусым айында болды. Есептіліктің статистикалық нысанына "ҚР Білім туралы" Заңына сәйкес өзгерістер енгізілді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Жоғары оқу орнынан кейінгі туралы білім деректер жиынтығы "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы есеп" статистикалық нысаны бойынша алғашқы статистикалық ақпарат көздеріне негізделеді"

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жылына бір рет

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы есеп" статистикалық нысанын қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде толтыру арқылы жүзеге асырылады. Электронды түрде ҚР СЖРА ҰСБ интернет ресурсында орналастырылған (www.stat.gov.kz) «Деректерді on-line режимінде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді өңдеу рәсімі форматтық-логикалық бақылауды қамтиды. Алғышқы статистикалық деректердің анықтығын тексеруге мыналар кіреді:

- 1) респонденттердің қамтылуын тексеру;
- 2) статистикалық деректерді басқа нысандардағы деректермен салыстыру

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды
S.21.6 Түзету

Қолданылмайды
S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды
S.22 Ескерту